

**Балабекұлы Досжанның «D020100–Философия» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі:
әлеуметтік философиялық талдау» атты тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысына тоқталар болсақ, бұл біріншіден, қазіргі кезеңдегі жаһандану мен ақпараттық қоғам заманында әр түрлі мәдениеттердің тоғысуы мен ассимиляциялануының әлемдік беталысынан және идеологиялардың өзара бәсекелестігі мен олардың насихаттық құралдарын ғылыми негізде сараптау керектігінен туындайды.

Қойылып отырған тақырыптың тағы бір өзекті қыры ақпараттық қауіпсіздік жағдайына байланысты. Қазіргі кезеңдегі ақпараттық кеңістіктің дұрыс және бұрыс жақтарын саралаудың философиялық негіздемесі болуы қажет.

Ақпараттық қоғам жағдайында әрбір мемлекет өзінің ақпараттық кеңістігіне саяси және әлеуметтік сараптамалар жүргізіп отырады. Бұл сәйкесінше, біздің еліміздің де цензурасына қатысты. Дегенмен, әлеуметтік философиялық тұрғыдан кеңірек сыни өлшемдермен, продуктивті ойлау негіздері бойынша зерделеу аталған мәселенің, теориялық және тәжірибелік қырларын ашып беруді қажет етеді. Сондықтан, автор қозғап отырған тақырып, заманның сұраныстарына сай келетін мазмұнды құрайды және еліміздің перспективті даму бағдарларын айқындауға септігін тигізеді.

Осы арнада зерттеу жұмысының практикалық жағы оның ұтымды нәтижелерін қоғамдық өмірде қолдануда өзінің онды тұжырымдарын ұсына алады. Жұмыс мемлекеттік бағдарламаларға сай келеді. «Қазақстан – 2050», Мәңгілік Ел идеясы мен Ұлы дала тарихының жетістіктерін насихаттау, Рухани жаңғыру, Мәдени мұра және т.б. стратегиялық даму шарттарына және оны жүзеге асыру барысында кең қолданысқа ие бола алады.

Осыған орай, докторант Балабекұлы Досжанның диссертациялық жұмысы заманауи мәселелер мен еліміз ұстанып отырған мәдени өркендеу саясатының талаптарын қанағаттандыратын және қолдау білдіретін еңбек болғандықтан, ғылыми жағынан да құнды туынды.

Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі талаптарға толықтай сай келеді.

Диссертанттың қол жеткізген ғылыми тұжырымдарының, нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы заманауи тұрғыдан алғанда тиімді деп айтуға болады. Диссертациялық жұмыстағы теориялық қағидаттар мен қорытындылар келешекте осы бағытта жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына теориялық негіз бола алады.

Сондай-ақ, ақпараттық қоғам жағдайындағы Қазақстандағы түйткілді мәселеге қатысты ғылыми ізденістерде, атап айтқанда, ғылыми зерттеу мекемелерінде, стратегиялық болжау институттарында жалпы ғылыми бағдар ретінде пайдалануға болады. Қоғамдағы мәдени-әлеуметтік ақпараттарды талдаған бұл жұмыс саяси жүйе бойынша орныққан әкімшілік жұмыстарда семинар-тренингтер жүргізуде қолдануға болатын материалға жатады.

Қазақстан Республикасындағы мәдени даму туралы құжаттарды жасақтауда, цифрлы Қазақстанның игілікті даму бағдарламасын құруда және оны іске асырудың үлгілерін құруда оған өзгерістер мен түзетулер енгізу барысында да еңбектің зерттеу нәтижелерін қолдану белгілі бір шарттарда ұтымды бағдарлар бере алады. Сонымен қатар, әлеуметтік

философия, мәдениеттану, саясаттану, журналистика, тарих және т.б. мамандықтар бойынша білім алушыларға қосымша оқу-әдістемелік материал ретінде тың мәліметтер ұсынады.

Диссертант өзінің зерттеу еңбегінде психоанализ, феноменология, құрылымдық-функционалдық талдау сынды әдіснамаларды пайдалана отырып, әлемдік және отандық ғалымдардың қойылып отырған мәселеге қатысты еңбектерін ұтымды пайдалануды да назардан тыс қалдырмаған.

Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік философиялық талдау» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының негізгі теориялық қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы мынадай ғылыми басылымдарда сынақтан өткен.

Олардың ішінде 3 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің БҒСҚК ұсынған журналдарда, 2 мақала шет елдегі халықаралық конференцияға, 9 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналдың бірінде жарияланған.

Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері республикалық ғылыми конференцияларда баяндалған. Бұл еңбектер диссертация мазмұнын толықтай қамтиды деп айтуға негіз бар.

Аталған жұмыстың ғылыми-танымдық, теориялық маңызы зор. Ізденушінің бұл еңбегінде перспективті бағдарлар анық көрініс тапқан, мәселе дұрыс қойылған және өзінің мақсатына жеткен.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия кафедрасының PhD докторанты Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік философиялық талдау» тақырыбындағы жұмысы толық аяқталған және алдына қойған міндеттерді орындаған жұмыс, сондықтан «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
философия кафедрасының профессоры

Алтаев Ж.А.

РАСТАУ
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым және
дәріялау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенов

« _____ » _____ 20__ ж.г.

